

Біржолғы талондардың құнын және тіркелген салық ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2009 жылғы 4 маусымдағы N 74/15 шешімі. Павлодар облысы Павлодар қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 маусымда N 12-1-140 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2012 жылғы 17 сәуірдегі № 21/4 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 17.04.2012 № 21/4 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 422-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының "Бюджетке төленетін салық және басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексін енгізу туралы" (Салық кодексі) Заңының 36-бабына, хронометражды зерттеу актілеріне сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** :

1. Қызметі ауық-ауық сипаттағы жеке тұлғаларға арналған, сондай ақ қала базарларында тауарларды сату, қызмет көрсету, жұмыс жасау үшін біржолғы талондардың құны осы шешімнің № 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Тіркелген салықтың ставкалары № 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы " Біржолғы талондардың құнын және кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері бойынша тіркелген сомалық салық ставкаларын бекіту туралы № 60/3 шешімінің (3-сайланған 3-сессиясы), 2008 жылғы 23 қаңтардағы мемлекеттік тіркеу нормативтік құқықтық актілер Тізілімінде № 12-1-102 тіркелген, 2008 жылғы 7 ақпандағы № 14 "Сарыарқа самалы", 2008 жылғы 4 ақпандағы № 5 "Версия" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларына жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

С. Ватутин

В. Лебедь

Павлодар қалалық
мәслихатының 2009 жылғы

**Қызметі ауық-ауық сипаттағы жеке тұлғаларға
арналған біржолғы талондардың құны**

№ р/ с	Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	Біржолғы талондардың 1 күнгі құны (теңге)
1	Газеттер мен журналдарды сату	10
2	Тұқымдарды сату (көшеттер, тұқымдар)	80
3	Бакша өсімдіктерін сату	180
4	Саяжай және аула учаскелерінде өсірілген гүлдерді сату	50
5	Ауыл шаруашылығы, бау-бақшалық, және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату	50
6	Жануарлар мен құстардың жемдерін сату;	150
7	Сыпырғыштарды, орман жидектерін, балды, саңырауқұлақ және балықтарды сату	120
8	Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызметі	210

Павлодар қалалық
мәслихатының 2009 жылғы
4 маусымдағы
№ 74/15 шешіміне
№ 2 қосымша

**Павлодар қаласының аумағында орналасқан базарларда тауарларды
сататын,
қызмет көрсететін, жұмыс істейтін бір сауда орнынан заңды
және жеке тұлғаларға арналған біржолғы талондардың құны**

№ р/ с	Базарладың мамандандырылуы	Бір жолғы талондардың мөлшері (теңге)		
		I - санат	II - санат	III - санат
1	Азық-түліктік, азық-түліктік емес, әмбебап			
а)	Машинадан сауда жасау	420	400	300
б)	Сөреден сауда жасау	250	230	170
в)	Дүңгіршектен (бутиктен) сауда жасау	310	290	210
г)	Контейнерден сауда жасау	310	290	210
д)	Қолдан сауда жасау	200	200	140
е)	Етті бөлу	100	70	30
ж)	Сауда орындарына жүктерді тасымалдау бойынша қызмет көрсету (жүк тасушылар)	60	50	10

з)	Кофе, шәй, шекілдеуіктерді сату	60	50	10
к)	Сауда орындарында дайын тағамдарды сату	110	100	30
л)	Бұрынғы қолданыстағы тауарларды сату	110	100	30
м)	Колдан дайындалған тауарларды өткізу	110	100	30
н)	Сауда орнында дайындалатын өнімдерді өткізу (кәуәп және басқалар)	250	230	170
2	Мамандандырылған (автокөліктік, мал және басқалары)			
а)	Автомобиль көлік бірліктерін сату	180	150	120
б)	Қосалқы бөлшектерді, майларды, сұйық заттарды, техникалық жабдықтарды сату	310	290	210
в)	Үй жануарларын, құстарды, аңдарды және басқаларды сату	50	50	50

Павлодар қалалық
мәслихатының 2009 жылғы
4 маусымдағы
№ 74/15 шешіміне
№ 3 қосымша

Тіркелген салық ставкалары

№ р/ с	Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	Салық с а л у объектісі	1 айғы тіркелген с а л ы қ ставкалары (АЕК)	1 жы л ғ ы тіркелген салық ставкалары (АЕК)
1	Ойынды бір ойыншымен өткізуге арналған, ақшалы ұтыссыз ойын автоматтары бойынша қызмет көрсету	1 автомат	4	48
2	Ойынды бірнеше ойыншының қатысуымен өткізуге арналған, ақшалы ұтыссыз ойын автоматтары бойынша қызмет көрсету	1 автомат	6	72
3	Ойын өткізу үшін қолданылатын, жеке компьютерлер бойынша қызмет көрсету	1 компьютер	2	24
4	Боулинг бойынша қызмет көрсету	1 жол	20	240
5	Бильярд бойынша қызмет көрсету	1 үстел	10	120